



## Тауарлар кері импортының кедендік режимі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің 1996 жылғы 8 қазан N 190-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 19 қарашада N 221 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"

Z952368\_

Жарлығының ережелерін іске асыру мақсатында

### БҰЙРЫҚ ЕТЕМІН:

1. "Тауарлар кері импортының кедендік режимі туралы ереже" (қоса тіркеліп отыр) бекітілсін және 1996 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне ендірілсін.
2. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы Бұйрықтың мазмұнын декларанттарға және қызмет аймағы тиісті кеден органдарында орналасқан өзге де мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары В.Д.Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

Тауарлар кері импортының кедендік режимі туралы  
ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Тауарлардың кері импорты - экспорттың кеден режиміне сәйкес

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген, кеден баждары, қосымша құнға салықты, акциздер алынбай, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шаралары (квоталау, лицензиялау ж.т.б.) қолданылмай, осы Ережемен белгіленген мерзімдерде қазақстандық тауарлардың кері әкелінетін кедендік р е ж и м і .

1.2. Тауарлар кері импортының кедендік режимімен шет ел тауарларын, сонымен қатар басқа да кедендік режимдеріне (уақытша әкету, Қазақстан Республикасы өкілдіктері үшін шет елге әкету, кеден аумағынан тыс ұқсату, шет мемлекетінің аумағы арқылы өткізу жағдайындағы транзит) сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағынан әкетілген қазақстандық тауарларды орналастыруға болмайды.

Тауарлар кері импортының кедендік режимімен Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды орналастыруға болмайды.

## 2. Тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастырудың шарттары

2.1. Тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастыру үшін:

а) Қазақстан Республикасы аумағынан одан тысқары экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетілген тауарлар болуы;

б) әкету сәтіне дейін қазақстандық тауар, яғни барлық кеден төлемдері мен салықтары төлене отырып, Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылған қазақстандық тауарлар не шет елдік тауарлар болуы;

в) әкету сәтінен бастап үш жыл бойы Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген тауарлар болуы тиіс.

Әкету күні болып әкету кезінде кедендік жүк декларациясының қабылданған күні саналады.

г) тасымалдау мен сақтаудың қалыпты шарттары кезінде табиғи тозу не кему салдарынан өзгеруді және осы Ереженің 2.5. және 2.6. -тармақтарында көзделген басқа жағдайларды қоспағанда әкету сәтіндегі күйде болуы тиіс.

Тозу не кемудің табиғилығы және тасымалдау мен сақтаудың қалыпты шарттары Қазақстан Республикасының тауарлардың осы санатына қатысты стандарттарымен және қолданылып жүрген өзге де қалыпты актілермен айқындалады.

2.2. Тауарлар кері импортының кедендік режимімен орналастырылатын тауарлардың экспорттың кеден режимімен сәйкес әкетілген тауарлармен біртектілігі, оларды әкету фактісі, әкету сәті, сондай-ақ тауарлардың қазақстандық тауарлар екендігі кеден органы лауазымды адамдары үшін

шынайылыққа және шындыққа күмән келтірмейтіндей әдіспен белгіленуі тиіс. Аталған жағдаяттарды дәлелдеу міндетті мүдделі адамға жүктеледі.

2.3. Тауарларды Қазақстан Республикасынан тысқары өндірістік немесе өзге коммерциялық мақсаттарда пайдалану көрсетілген тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастыру үшін кедергі бола алмайды.

2.4. Тауарларды кез келген адам оларды қандай адамның әкеткеніне қарамастан кері импорттың кедендік режимімен орналастыра алады.

2.5. Авария немесе тежеусіз күш салдарынан тауарлар бүлінетін немесе өзгеше нашарлайтын болса, тауарлар кеден органы лауазымды адамдары үшін шынайылыққа және шындыққа күмән келтірмейтіндей әдіспен авария немесе тежеусіз күш әрекетінің фактісін растаған жағдайда кері импорттың кедендік режимімен орналастырылуы мүмкін.

2.6. Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезінде тауарлар оларды сақтауды қамтамасыз ету, тәртіпке, келтіруді қоса ұсақ жөндеу операцияларынан және осындай тауарларды әкету сәтінде анықталатын құны осындай операциялардың нәтижесінде өспеген жағдайда басқа да ұқсас операциялардан ө т у і м ү м к і н .

Әкету сәтіндегі құн мен әкелу сәтіндегі құнның қатынасы АҚШ доллары негізінде анықталады. Келісімдегі немесе өзге де құжаттағы бағалар кез келген валютада көрсетілетін жағдайда осы валюталарды қайта есептеу тиісінше әкету немесе әкелу сәтіндегі АҚШ долларына қатысты бағаммен жүргізіледі.

### 3. Кеден баждарын, салықтарды және өзге де төлемдер мен өтеулерді қолдану

3.1. Тауарларды әкету сәтінен бастап үш жыл бойы кеден органы әкету кеден баждарының төленген сомаларын қайтарады.

3.2. Төленген сомаларды қайтару төмендегідей жағдайларда:

- егер тауарларды әкету кеден бажын төлеген не осындай төлемдер өзінің мүддесіне бола жүргізілген адам ғана әкеткен және әкелген болса;

- егер кеден органына негізінде әкету кеден баждары есептелген және төленген кедендік декларацияның данасы және осы төлемдер төленген кеден органының немесе оның құқықтық мұрагерінің төлемдердің кеден органдары шоттарына немесе тікелей бюджетке түскенін жазбаша растаумен көрсеткен жағдайында. Жазбаша растау қаржы құжаттарына қойылатын талаптарға сай к е л у і т и і с ;

- егер осы тармақтың екінші абзацында келтірілген адам кеден органына төленген сомаларды қайтару туралы жазбаша өтініш берсе жүргізіледі. Мұндай өтініш ырықты нысанда жасалынады. Төленген сомаларды қайтару туралы

өтініш тауарлар кері импорттың кедендік режимімен орналастырылатын кедендік жүк декларациясын қабылдау күнінен бастап бір жыл өткенге дейін берілуі қажет.

Аталған шарттардың біреуінің ғана сақталмаған жағдайында кеден баждарының төленген сомаларын қайтару жүргізілмейді.

3.3. Кеден бажының төленген сомасы ғана қайтаруға жатады.

Өсім айыбының, кейінге қалдыру ақысының сомаларын және осындай төлемдерді қайтару жүргізілмейді.

Қайтарылатын сомалар индекстелінбейді, олардан проценттер төлеттірілмейді.

Төлеу кеден баждарының қандай валютада төленгеніне қарамастан Қазақстан Республикасының валютасында жүргізіледі. Егер төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамымен бағаланатын шет ел валютасында жүргізілген болса, онда шет ел валютасын Қазақстан Республикасының валютасына қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәлімделінген кері импорттың кедендік режимімен кедендік жүк декларациясы қабылданған күні қолданылатын бағамы бойынша жүргізіледі. Егер төлем өзге ел шет валютасында жүргізілген болса, онда теңгеге қайта есептеу төлем төленген күні қолданылатын бағам бойынша жүзеге асырылады.

3.4. Төленген сомаларды қайтаруды кері импорттың кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органы қамтамасыз етеді.

3.5. Экспортталған тауарлардың топтама бөлігін кері импорттың кедендік режимімен орналастыру кезінде төленген сомаларды қайтару осы бөліктің экспортталған тауарлардың топтамасына мөлшерлік қатысы бойынша жүргізіледі.

3.6. Төленген сомаларды, оның ішінде олардың бөліктерін қайтару жөнінде осындай қайтаруды жүргізген кеден органының лауазымды адамы адамның ұсынған тауарлар кері импорттың кедендік режимімен орналастырылған кедендік жүк декларациясының данасына және қайтарылатын сомаларды (цифрлармен және жазумен) және қайтару күнін көрсете отырып, осы Ереженің 3.2. тармағының үшінші абзацында аталған растауда белгі жасайды. Белгі оның қолымен және жеке нөмірлік мөрмен куәлендіріледі.

Төленген сомаларды қайтару туралы белгі қойылған растаудың көшірмесі осындай растауды берген кеден органына жіберіледі. Аталған көшірме кеден органындағы тауарлар кері импорттың кедендік режимімен орналастырылған кедендік жүк декларациясының данасымен бірге сақталады.

3.7. Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелу кезінде кері импортталатын тауарларға әкелу кеден баждары салынбайды.

3.8. Экспортқа байланысты не экспортқа байланысты тауарлар босатылған қосымша құнға салықтың және акциздің сомаларын қайтару жүзеге асырылған тауарларды кері импорттау кезінде декларант кеден органына салықтардың аталған сомаларын төлейді.

Төленуге жататын сомалар тауарларды әкету сәтіндегі қолданылған ставкалар бойынша анықталады.

Төленуге жататын сомаларды есептеудің негізі тауарлар кері импорттың кедендік режимімен орналастырылатын кедендік жүк декларациясы қабылданған күнге анықталады.

Тек Қазақстан Республикасы кеден аумағына ғана әкелінетін тауарларға қатысты қосымша құнға салық пен акциздерді төлеуге берілетін жеңілдіктер қолданылмайды.

#### 4. Кері импорттың кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу

4.1. Кері импортталатын тауарларды кедендік ресімдеу қызметі аймағында оларды алушы не оның құрылымдық бөлімшесі орналасқан кеден органында жүргізіледі.

4.2. Тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастырған кезде кеден органына декларант мынадай құжаттарды:

- "Кедендік жүк декларациясын толтырудың тәртібі туралы нұсқауға" сәйкес Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 26.09.95 ж. N 127-П Бұйрығымен толтырылған кедендік жүк декларациясын;

- кері импортталатын тауарлар өзге мемлекеттік органдардың бақылауына жататын болса, сол органдардың рұқсатын;

- кері импортталатын тауарлар экспорттың кедендік режимімен орналастырылған кедендік жүк декларациясының данасын;

- осы Ережеде көзделген не одан туындайтын, кедендік ресімдеуді жүргізуге қажетті өзге құжаттарды ұсынады.

4.3. Тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастыру туралы шешімді кеден органы құрылымдық бөлімшесінің бастығы не оның орынбасары қабылдайды.

4.4. Осы Ереженің талаптарын сақтау туралы шынайы және тиісті құжаттармен расталған мәліметтердің жоқ кезінде тауарларды кері импорттың кедендік режимімен орналастыруға жол берілмейді.

4.5. Кері импортталатын тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде алынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК